ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА 2014 ж. «23» 06
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУДЕН ӨТКІЗІЛДІ
№1330-1915-01-ик ҚҰЖАТ
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
2008 ж. «09» 01

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
2008 ж. «09» 01 ЖҮРГІЗІЛДІ
080240001769 БИЗНЕС-СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІР (БСН) БЕРІЛДІ

Бекітілген
Атырау облысы әкімдігінің
20 14 ж. «10» мамыр
№ 175 қаулысымен

«Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Мүгедектердің спорттық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

ЖАРҒЫСЫ

Ұйымдық-құқықтық нысаны	**Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын**
Меншік түрі	**Коммуналдық**
Орналасқан жері	**Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, А. Байжігітова көшесі,61.**
Құрылтайшысы	**Атырау облысының әкімдігі**

Атырау қаласы, 2014 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Мүгедектердің спорттық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

1.2. Атырау облысының әкімдігі (бұдан әрі - Жергілікті атқарушы орган) Кәсіпорынның құрылтайшысы және меншіктенушісі болып табылады.

1.3. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган - Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасы (бұдан әрі – Тиісті сала бойынша әкілетті орган) болып табылады.

1.4. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Мүгедектердің спорттық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное казенное предприятие «Спортивный клуб инвалидов» Управления физической культуры и спорта Атырауской области.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының Дене шынықтыру және спорт істері Агенттігінің нормативтік актілерін, құрылтайшының өкімі мен шешімдерін, мемлекеттік басқару органының бұйрықтарын, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.5. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, А.Байжігітова көшесі, 61.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

2.1.Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

2.2.Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

2.3. Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын Жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады.

2.4.Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

3.1. Кәсіпорын қызметінің мәні дене шынықтыру және спорт саласында өндірістік-шаруашылық және қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын мүгедектер арасында спорт командаларын құру, спортшыларды жарыстарға қатыстыру үшін және Қазақстан Республикасының Чемпионаттарында облысты және елімізді таныту құқығын алу мақсатында Қазақстан Республикасы федерация кубогын сарапқа салуда Атырау облысының спорттық намысын қорғау үшін, сонымен қатар өзге де халықаралық жарыстарға қатысу мақсатында дайындау үшін белгісіз қызмет мерзіміне ұйымдастырылған.

3.2. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасын мен облыс деңгейінде мүгедектерге арналған әртүрлі спорт түрін дамыту;

- халықаралық деңгейдегі спортшылар мен спорттық резервін даярлау;
- спорттық, олимпиадалық және паралимпиадалық бағытын дамыту;

3.3. Қойылған мақсаттарын жүзеге асыру үшін, Кәсіпорын мына қызмет түрлерімен айналысады:

- Қазақстан Республикасынының турнирлер, чемпионаттар, кубоктар және Халықаралық жарыстарға қатысу;
- Мемлекеттік басқару органның келісімінен, күнтізбелік жоспардың негізінде, әр түрлі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарының халықаралық қызметтеріне қатысу;
- халықаралық деңгейдегі спортшылар мен спорттық резервін даярлау мақсатында ыңғайлы жағдайлар қамтамасыз ету;
- Мемлекеттік басқару органның келісімінен, халықаралық ұйымдармен, клуб қызметкерлер делегациясы мен спорт командаларымен ауысу және ортақ шаралар жүргізу туралы шарттар жасау;
- Мемлекеттік басқару органның келісімінен, Республика, облыс және Кәсіпорын үшін спорттық резервін ортақ даярлау туралы басқа спорт ұйымдарымен шарт жасау;
- Мемлекеттік басқару органның келісімінен, бапкерлерді халықаралық семинарларға жіберу.
- жетекші ойыншылар және бапкерлермен шарт жасау;
- Республика және облыс құрама командаларына спорттық резерв даярлау жүргізу;
- халықаралық деңгейдегі ерлер, әйелдер, жастар мен жас-өспірімдер командаларын құрау;
- спортшыларды талдау мен даярлау жүргізу;
- Мемлекеттік басқару органның келісімінен, Республикалық, облыстық және халықаралық жарыстар ұйымдастыру және жүргізу;
- оқу-жаттығу және арнайы даярлау жиындарын ұйымдастыру және жүргізу;

- жылдық айналым оқу-жаттығу үдерісін сапалы түрде өткізуін қамтамасыз ету;

- материалдық-техникалық және спорттық қорын нығайту және дамыту;

- Кәсіпорын атынан дене шынықтыру және спорт саласында коммерциялық қызмет атқару, арнайы марапаттар белгілеу және шаралар жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне сыйақы мен марапаттар беру;

- дене шынықтыру және спорт саласында жарнамалық және баспаханалық, ақпараттық қызметті жүзеге асыру, сувенирлік және спорттық атрибутика, спорттық бұйымдарын, киім-кешектерді, құралдарын дайындау, өткізу, жеткізу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған қызметтің басқа түрлерін жүзеге асырады.

3.4. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

3.5. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Тиісті сала бойынша өкілетті орган немесе Жергілікті атқару органның прокурорының талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3.6. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

4.1.Жергілікті атқарушы орган:

- Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

- Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

- Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

- Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

- Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

- коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

- Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

- осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4.2.Тиісті сала бойынша уәкілетті орган:

- Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;
- Кәсіпорын бюджетінен бөлінетін, қызметінің басылымдылық бағыты мен жұмыстардың (қызметтер) міндетті мөлшерін анықтайды;
- Кәсіпорынның даму жоспары мен оның орындалуы жөніндегі есептерді қарастырады, келіседі және бекітеді;
- Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына анализ және бақылау жүргізеді;
- Кәсіпорынның жылдық қаржы есебін бекітеді;
- жыл сайын Кәсіпорынның еңбек ақы қорының мөлшерін белгілейді;
- Кәсіпорынның басшысы, орынбасары мен бас (аға) есепшінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерлерін, сыйақы жүйесін және басқа сыйлықақы беру нысанын белгілейді;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген өзге де өкілеттілігін жүзеге асырады.

4.3. Кәсіпорынның басшысы осы органның басшысы болып табылады.

4.4. Тиісті сала бойынша уәкілетті орган Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

4.5. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

4.6. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

4.7. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

4.8. Басшы:

- Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
- шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
- сенімхаттар береді;
- банктік шоттар ашады;
- Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын

бұзады, мадақтаушараларын қолданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

Тиісті сала бойынша уәкілетті органбасшының ұсынымы бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы оның Жарғысында белгіленеді.

- белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас (аға) бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

- өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Тиісті сала бойынша уәкілетті органға кандидатуралар ұсынады;

- өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

- Тиісті сала бойынша уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

- Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынның мүлкі

5.1. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

5.2. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

5.3. Кәсіпорынның мүлкі:

- оған меншік иесі берген мүліктің;
- өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

5.4. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

5.5. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

5.6. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша

алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

5.7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

5.8. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

5.9. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 5.8.тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

5.10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Жергілікті атқарушы орган Тиісті сала бойынша уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорнынан жедел басқару құқығында бекітілген мүлікті алып қоюға, не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

5.11. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде Жергілікті атқарушы орган жедел басқару құқығында, Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді (жедел басқару құқығындағы Кәсіпорынға белгілеуге құқылы).

5.12. Осы Жарғының 5.8. тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті Жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен беруге және есептен шығаруға құқылы.

5.13. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

6.1. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

6.2. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

6.3. Жедел басқару құқығында Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша белгілейді.

6.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде

көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

7.1. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің Тиісті сала бойынша уәкілетті органның келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жедел басқару құқығымен жүзеге асырылады.

7.2. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

8. Кәсіпорынның жауапкершілігі

8.1. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Жергілікті атқарушы орган тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

9. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

9.1. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

9.2. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу

10.1. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Тиісті сала бойынша уәкілетті орган белгілейді.

10.2. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

10.3. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) есепшінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті сала бойынша уәкілетті орган белгілейді.

11. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

11.1. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Жергілікті атқарушы органның қаулысы бойынша жүргізіледі.

11.2.Несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Жергілікті атқарушы органқайта бөледі.

11.3. Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

12. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

12.1. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Уәкілітті органның ұсынымы бойынша Жергілікті атқарушы орган енгізеді.

12.2 Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда кәсіпорын бір ай мерзімінде есепке алу органына хабар береді.

Нөмірленіп, тігіледі

Барлығы 9 бетте

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
НӨМІРЛЕНІП. ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ МӨР БАСЫЛҒАН
9 ПАРАҚ
БАРЛЫҒЫ
2014 ж. 23 06